

## **Іле ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы**

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 06 қарашадағы № 346 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 21 қарашада № 4388 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына сәйкес, Іле ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Іле ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Құматаев Нұрлан Орынбасарұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Медеуов*

Іле ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "06"  
қарашадағы № 346 қаулысына  
қосымша

## **Іле ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Іле ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 01 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес, адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде, олар Іле ауданының коммуналдық меншігіне түседі және осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылады.

## **2. Жануарлардың Іле ауданының коммуналдық меншігіне келіп түсу тәртібі**

3. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсуі қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау-беру актісінде аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі қараусыз қалған жануарларды беретін адамның, тиісті кент, ауылдық округ әкімінің, "Іле ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің және "Іле ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 07.03.2023 № 136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау-тапсыру актісі негізінде теңгерімге алу "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

## **3. Жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру**

5. Іле ауданының коммуналдық меншігіне түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды Іле ауданының коммуналдық мүліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы бөлімі жүзеге асырады.

6. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, жануарларды аудан әкімдігінің қаулысы негізінде тиісті әкімдер аппараттарының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады.

## **4. Іле ауданының коммуналдық меншігіне келіп түскен жануарларды пайдалану тәртібі**

7. Іле ауданының коммуналдық меншігіне түскен қараусыз жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз беру;

2) аукцион арқылы сату;

3) сауда ұйымдары арқылы сату;

4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын қоспағанда) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

8. Іле ауданының коммуналдық меншігіне түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда аудан әкімдігінің қаулысымен құрылған тұрақты комиссия шешеді.

## **5. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі**

9. Жануарлар Іле ауданының коммуналдық меншігіне өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде – ол тиісті жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

10. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды күтімге алуға байланысты шығыстарды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

11. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен бұрынғы меншік иесіне өтеледі. Бұл ретте жануарларды бағуға байланысты қаржының көлемі шегеріледі.

12. Жануарларды қайтару немесе құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен қаржы бөлімі арасында жасалатын шартпен ресімделеді.

## **6. Қорытынды**

13. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.